## Химиялық өнімдерді алдын ала таңбалау кезінде жазылатын қауіптіліктің стандартты белгілерінің тізбесін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 115 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 4 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5207 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 285-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 19.04.2021 № 285-НҚ (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Химиялық өнімдерді алдын ала таңбалау кезінде жазылатын қауіптіліктің стандартты белгілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Техникалық реттеу және метрология Комитеті осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының орынбасары Т.А. Момышевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр В. Школьник

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрінің
2008 жылғы"2 сәуірдегі
N 115 бұйрығымен бекітілді

## Химиялық өнімдерді алдын ала таңбалау кезінде жазылатын қауіптіліктің стандартты белгілерінің тізбесі

1. Осы тізбе""Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына 1 тармақшасына сәйкес әзірленген және қауіптіліктің стандартты белгілерінің тізбесін анықтайды.

Қауіптіліктің стандартты белгілеріне:
жарылғыш заттар (1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5 және 1.6 класс тармақтары);
тұтанғыш газдар (1 және 2-санаттар);
тұтанғыш аэрозольдер (1 және 2-санаттар);
тотыққыш газдар (1-санат);
қысым астындағы газдар;
тұтанғыш сұйықтықтар (1 - 4-санаттар);
тұтанғыш қатты заттар (1 және 2-санаттар);
өздігінен реактивті химиялық заттар (А-түрі, В-түрі, С және D-түрлері, Е және F-түрлері, G-түрі);
өзі тұтанғыш сұйықтықтар (1-санаты);
өзі тұтанғыш қатты заттар (1-санаты);
өздігінен қызатын заттар (1 және 2-санаттар);
сумен жанасқан жағдайда тұтанғыш газдар бөлетін химиялық заттар (1 - 3-санаттар);
тотыққыш сұйықтықтар (1 - 3-санаттар);
тотыққыш қатты заттар (1 - 3-санаттар);
органикалық пероксидтер (А-түрі, В-түрі, С және D-түрлері, Е және F-түрлері , G-түрі);
металл жегідесін тудыра алатын химиялық заттар (1-санат);
қатты уыттылыққа ие химиялық заттар: жұтылатын уыттылық (1 - 5-санаттар) ;
қатты уыттылыққа ие химиялық заттар: теріге әсер ететін уыттылық (1 - 5-санаттар);
қатты уыттылыққа ие химиялық заттар: тыныс алу жолымен жұтылатын уыттылық (1 - 5-санаттар);
терінің зақымдануын/тітіркенуін тудыратын химиялық заттар (1А, 1В, 1С санаттар, 2 және 3-санаттар);
көздің тым зақымдануын/тітіркенуін тудыратын химиялық заттар (1-санат, 2А және 2В - санаттар);
респираторлық аллергендер (1-санат);
тері аллергендері (1-санат);
тері түйнектерінің өзгеруін тудыра алатын химиялық заттар (1А, 1В санаттар және 2-санат);
канцерогенді химиялық заттар (1А, 1В -санаттар мен 2-санат);
өсімпаздық органдар үшін уыттылыққа ие химиялық заттар (1А, 1В санаттар, 2-санат және сүт шығуға және сүт арқылы әсер ететін заттар үшін қосымша санат );

органдарға зақымдаушы тәндік әсер ететін уытты заттар (бір реттік әсер еткен жағдайда) (1 және 2-санаттар);

органдарға зақымдаушы тәндік әсер ететін уытты заттар (бірнеше рет әсер еткен жағдайда) (1 және 2-санаттар);

су ортасы үшін (қатты) уыттылыққа ие химиялық заттар (1 - 3-санаттар);

су ортасы үшін (созылмалы) уыттылыққа ие химиялық заттар (1 - 4-санаттар) жатады.

| ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТТАР | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тұрақсыз/ 1.1 класс тармағы | 1.2 класс тармағы | 1.3 класс тармағы | 1.4 класс тармағы | 1.5 класс тармағы | 1.6 класс тармағы |
|  Қауіпті Жарылғыш зат; Массаның жарылу қаупі |  Қауіпті Жарылғыш зат; Шашырау қаупі өте жоғары |  Қауіпті Жарылғыш зат; Тұтану, жарылу немесе шашырау қаупі | 1.4 * Байқа Тұтану немесе шашырау қаупі | 1.5 * Байқа Жарылуы немесе тұтануы мүмкін | 1.6 * |
| | | | * *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелерінің* қағидаттарына түсетін заттар немесе қоспаларға ғана қатысты (сондай-ақ 1.4.10.5.1 d) ii)-тармақшасын қара) | | |
|  |  |  |  |  |  |
| *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелерінің* пиктограммалар элементтерін түстік рәсімдеуге қатысты ескертпелер: 1) класс трамағы үшін 1.1, 1.2 және 1.3: белгі – жарылған бомба: қара; фон – қызғылт сары, "1" саны төменгі бұрышта. 2) класс тармағы үшін 1.4, 1.5, 1.6: фон – қызғылт сары; сандар: қара; "1" саны төменгі бұрышта. | | | | | |

| ТҰТАНҒЫШ ГАЗДАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | 2-санат | – | – | *Ескертпе* |
|  Қауіпті Тым жеңіл тұтанатын газ | Белгісі жоқ Байқа Тұтанғыш газ | | | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес белгі, белгінің нөмірі мен сыртқы контурлары ақ түстің орнына қара түспен басыла алады. Фон екі жағдайда да қызыл болып қалады. |
|  | *БҰҰ типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді | | | |

| ТҰТАНҒЫШ АЭРОЗОЛЬДЕР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1-санат** | **2-санат** | – | – | *Ескертпе* |
| <br>Қауіпті<br>**Тым жеңіл тұтанатын аэрозоль** | <br>**Байқа**<br>**Тұтанғыш аэрозоль** | | | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* **сәйкес белгі, белгінің нөмірі мен сыртқы контурлары ақ түстің орнына қара түспен басыла алады. Фон екі жағдайда да қызыл болып қалады.** |
|  |  | | | |

| ТОТЫҚҚЫШ ГАЗДАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1-санат** | – | – | – | *Ескертпе* |
| <br>Қауіпті<br>**Өрт туындата немесе күшейте алады** | | | | |
|  | | | | **Пиктограммалар түстері: белгі мен нөмір: қара, фон: сары.** |

| ҚЫСЫМ АСТЫНДАҒЫ ГАЗДАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қысылған газ | Сұйылтылған газ | Салқындатылып сұйылтылған газ | Ерітілген газ | *Ескертпе Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес пиктограмма элементтері: |
| <br>Байқа<br>Қысым астындағы газдан тұрады. Қыздыру кезінде жарылуы мүмкін | <br>Байқа<br>Қысым астындағы газдан тұрады. Қыздыру кезінде жарылуы мүмкін | <br>Байқа<br>Салқындатылған газдан тұрады; криогендік күйік пен жарақат тудыруы мүмкін | <br>Байқа<br>Қысым астындағы газдан тұрады. Қыздыру кезінде жарылуы мүмкін | 1) уытты немесе тұтанғыш газдар үшін қажет етілмейді.<br>2) Белгі, номір және белгінің сыртқы контуры қара түстің орнына ақ түспен басыла алады. Фон екі жағдайда да жасыл болып қалады. |
|  |  |  |  | |

| ТҰТАНҒЫШ СҰЙЫҚТЫҚТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | 2-санат | 3-санат | 4-санат | *Ескертпе* |
| <br>Қауіпті<br>Тым жеңіл тұтанатын сұйықтық пен булар | <br>Қауіпті<br>Жеңіл тұтанатын сұйықтық пен булар | <br>Байқа<br>Тұтанғыш газдар мен булар | Белгісі жоқ<br>Байқа<br>Жанғыш сұйықтық | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес белгі, белгінің нөмірі мен сыртқы контурлары ақ түстің орнына қара түспен басыла алады. Фон екі жағдайда да қызыл болып қалады. |
|  |  |  | Белгі *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді | |

| ТҰТАНҒЫШ ҚАТТЫ ЗАТТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1-санат** | **2-санат** | **–** | **–** | **Ескертпе** |
| <br>Қауіпті<br>Тұтанғыш қатты зат | <br>Байқа<br>Тұтанғыш қатты зат | | | Пиктограммалар түсі *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес:<br><br>Белгі мен сандар: қара. Фон: жеті тіке қызыл телімді ақ. |
|  |  | | | |

| ӨЗДІГІНЕН РЕАКТИВТІ ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **А-түрі** | **В-түрі** | **С және D -түрлері** | **Е және F түрлері** | **G-түрі** |
| <br>Қауіпті<br>Қыздырған кезде жарылыс болуы мүмкін | <br><br>Қауіпті<br>Қыздырған кезде өрт не жарылыс болуы мүмкін | <br>Қауіпті<br>Қыздырған кезде тұтануы мүмкін | <br>Байқа<br>Қыздырған кезде тұтануы мүмкін | Элементтердің бұл санаттары үшін таңбалау белгіленбеген |
| Жарылғыш заттарға сияқты бірдеу (белгі таңдауда сол процедураны сақтау керек) | <br> |  |  | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді |

<u>Ескертпелер:</u>
1) В түрі үшін *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес 181-арнайы ереже қолданылуы мүмкін (құзіретті органның рұқсатымен жарылғыш затты таңбалауды салмау. Егжей-тегжей *БҰҰ типтік ережелерінің* 3.3-тарауын қара).
2) Пиктограммалар түстері *БҰҰ типтік ережелеріне* сәйкес қатты тұтанғыш және жарылғыш заттарды таңбалауды сипаттаудан қара

| ӨЗІ ТҰТАНҒЫШ СҰЙЫҚТЫҚТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | – | – | – | *Ескертпе* |
| <br>Қауіпті<br>Ауамен жанасқан жағдайда бірден тұтанады | | | | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* көрсетілген пиктограммалар түстері: |
|  | | | | Белгі мен сандар қара. Фон: жоғарғы бөлігі ақ; төменгі бөлігі қызыл |

| ӨЗІ ТҰТАНҒЫШ ҚАТТЫ ЗАТТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | – | – | – | *Ескертпе* |
| <br>Қауіпті<br>Ауамен жанасқан жағдайда өздігінен тұтанады | | | | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес пиктограммалар түсі: |
|  | | | | Белгі мен сандар: қара. Фон: жоғарғы бөлігі ақ; төменгі бөлігі қызыл. |

| ӨЗДІГІНЕН ҚЫЗАТЫН ЗАТТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | 2-санат | – | – | *Ескертпе* |
| <br>Қауіпті<br><br>Өздігінен қызу қаупі; тұтану мүмкіндігі | <br>Байқа<br><br>Үлкен көлемде өздігінен қызады; тұтануы мүмкін | | | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес пиктограммалар түсі:<br><br>Белгі мен сандар: қара. Фон: жоғарғы бөлігі ақ; төменгі бөлігі қызыл. |
|  |  | | | |

| СУМЕН ЖАНАСҚАН ЖАҒДАЙДА ТҰТАНҒЫШ ГАЗДАР БӨЛЕТІН ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | 2-санат | 3-санат | – | *Ескертпе* |
| <br>Қауіпті<br><br>Сусен жанасқан жағдайда өздігінен жана алатын тұтанғыш газдар бөледі | <br>Қауіпті<br><br>Сумен жанасқан жағдайда тұтанғыш газдар бөледі | <br>Байқа<br><br>Сумен жанасқан жағдайда тұтанғыш газдар бөледі | | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес белгі, белгінің нөмірі мен сыртқы контурлары ақ түстің орнына қара түспен басыла алады. Фон екі жағдайда да көгілдір болып қалады. |
|  |  |  | | |

## ТОТЫҚҚЫШ СҰЙЫҚТЫҚТАР

| 1-санат | 2-санат | 3-санат | – | *Ескертпе* |
|---|---|---|---|---|
| <br>Қауіпті<br><br>Тұтану немесе жарылыс тудыруы мүмкін; қатты тотықтырғыш | <br>Қауіпті<br><br>Тұтануды күшейтуі мүмкін, тотықтырғыш | <br>Байқа<br><br>Тұтануды күшейтуі мүмкін, тотықтырғыш | | Пиктограммалар түстері *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес:<br><br>Белгі мен нөмір: қара; фон: сары. |
|  |  |  | | |

## ТОТЫҚҚЫШ ҚАТТЫ ЗАТТАР

| 1-санат | 2-санат | 3-санат | – | *Ескертпе* |
|---|---|---|---|---|
| <br>Қауіпті<br><br>Тұтану немесе жарылыс тудыруы мүмкін, қатты тотықтырғыш | <br>Қауіпті<br><br>Жануды күшейтуі мүмкін, тотықтырғыш | <br>Байқа<br><br>Жануды күшейтуі мүмкін, тотықтырғыш | | Пиктограммалар түстері *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес:<br><br>Белгі мен нөмір: қара; фон: сары |
|  |  |  | | |

| ОРГАНИКАЛЫҚ ПЕРОКСИДЕТР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| А-түрі | В-түрі | С және D-түрлері | Е және F түрлері | *G-түрі* |
| <br>Қауіпті<br>Қызған кезде жарылыс болуы мүмкін | <br>Қауіпті<br>Қызған кезде тұтануы немесе жарылыс болуы мүмкін | <br>Қауіпті<br>Қызған кезде тұтануы мүмкін | <br>Байқа<br>Қызған кезде тұтануы мүмкін | Элементтердің осы санаттары үшін таңбалаулар белгіленбеген. |
| Жарылғыш заттарға сияқты (белгіні таңдаудың сол процедурасын сақтау керек) |  |  |  | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді. |

Ескертпелер: 1) В түрі үшін *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес 181-арнайы ереже қолданылуы мүмкін (құзіретті органның рұқсатымен жарылғыш затты таңбалауды салмау. Егжей-тегжей *БҰҰ типтік ережелерінің* 3.3-тарауын қара).
2) Пиктограммалар түстері *БҰҰ типтік ережелеріне* сәйкес қатты тотыққыш және жарылғыш заттарды таңбалауды сипаттаудан қара

| МЕТАЛЛ ЖЕГІСІН ТУДЫРА АЛАТЫН ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | – | – | – | *Ескертпе* |
| <br>Байқа<br>Металл жегісін тудыруы мүмкін | | | | Пиктограммалар түстері *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес: |
|  | | | | Белгі: қара; фон: жоғарғы бөлігі ақ; төменгі бөлігі ақ жиекті қара;<br>8-саны:ақ. |

| ҚАТТЫ УЫТТЫЛЫҚҚА ИЕ ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР: ЖҰТЫЛАТЫН УЫТТЫЛЫҚ | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1-санат** | **2-санат** | **3-санат** | **4-санат** | *5-санат* |
| <br>**Қауіпті**<br>**Ішке түскен жағдайда өлім қатерін тудырады** | <br>**Қауіпті**<br>**Ішке түскен жағдайда өлім қатерін тудырады** | <br>**Қауіпті**<br>**Ішке түскен жағдайда уытты** | <br>**Байқа**<br>**Ішке түскен жағдайда зиянды** | **Белгісі жоқ**<br>**Байқа**<br>**Ішке түскен жағдайда зиян келтіруі мүмкін** |
|  |  |  | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді<br><br>*Белгі мен нөмір:* .<br><br>**<u>Ескертпе</u>:**<br>**Газдар үшін БҰҰ типтік ережелеріне сәйкес пиктограмманың төменгі бұрышындағы 6 саны 2 санына ауысады.**<br>**Пиктограмма түстері БҰҰ типтік ережелеріне сәйкес:**<br><br>**Белгі мен сурет: қара.**<br>**Фон: ақ.** | |

| ҚАТТЫ УЫТТЫЛЫҚҚА ИЕ ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР: ТЕРІГЕ ӘСЕР ЕТЕТІН УЫТТЫЛЫҚ | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | 2-санат | 3-санат | 4-санат | *5-санат* |
| <br>Қауіпті<br>Теріге тиген жағдайда өлім қаупін тудырады | <br>Қауіпті<br>Теріге тиген жағдайда өлім қаупін тудырады | <br>Қауіпті<br>Теріге тиген жағдайда уытты | <br>Байқа<br>Теріге тиген жағдайда зиянды | Белгісі жоқ<br>Байқа<br>Теріге тиген жағдайда зиян келтіруі мүмкін |
| <br> | <br> | <br> | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді<br><br>Ескертпе:<br>Газдар үшін БҰҰ типтік ережелеріне сәйкес пиктограмманың төменгі бұрышындағы 6 саны 2 санына ауысады.<br>Пиктограмма түстері БҰҰ типтік ережелеріне сәйкес:<br><br>Белгі мен сурет: қара.<br>Фон: ақ. | |

| ҚАТТЫ УЫТТЫЛЫҚҚА ИЕ ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР: ТЫНЫС АЛУ ЖОЛЫМЕН ЖҰТЫЛАТЫН УЫТТЫЛЫҚ | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | 2-санат | 3-санат | 4-санат | *5-санат* |
| <br>Қауіпті<br>Дем тарту кезінде өлім қаупін тудырады | <br>Қауіпті<br>Дем тарту кезінде өлім қаупін тудырады | <br>Қауіпті<br>Дем тартқан кезде уытты | <br>Байқа<br>Дем тартқан кезде зиянды | Белгісі жоқ<br>Байқа<br>Дем тартқан кезде зиян келтіруі мүмкін |
| <br> | <br> | <br> | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді<br><br>Ескертпе:<br>Газдар үшін БҰҰ типтік ережелеріне сәйкес пиктограмманың төменгі бұрышындағы 6 саны 2 санына ауысады.<br>Пиктограмма түстері БҰҰ типтік ережелеріне сәйкес:<br><br>Белгі мен сурет: қара.<br>Фон: ақ. | |

| ТЕРІНІҢ ЗАҚЫМДАНУЫН/ТІТІРКЕНУІН ТУДЫРАТЫН ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1А-санат | 1В-санат | 1С-санат | 2-санат | 3-санат |
| <br>Қауіпті<br>Терінің қатты күюі мен көз зақымдануын тудырады | <br>Қауіпті<br>Терінің қатты күюі мен көздің зақымдануын тудырады | <br>Қауіпті<br>Терінің қатты күюі мен көздің зақымдануын тудырады | <br>Байқа<br>Терінің тітіркенуін тудырады | Белгісі жоқ<br>Байқа<br>Терінің әлсіз тітіркенуін тудырады |
|  |  |  | *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді<br><br>Ескертпе:<br>Пиктограмма түстері БҰҰ типтік ережелеріне сәйкес:<br>Белгі: қара.<br>Фон: жоғарғы бөлігі ақ; төменгі бөлігі ақ жиекті қараша.<br><br>8-сурет:-ақ | |

| КӨЗДІҢ ТЫМ ЗАҚЫМДАНУЫ/ТІТІРКЕНУІН ТУДЫРАТЫН ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | 2А-санат | 2В-санат | – | – |
| <br>Қауіпті<br>Көздің тым зақымдануын тудырады | <br>Байқа<br>Көздің тыс тітіркенуін тудырады | Белгісі жоқ<br>Байқа<br>Көз тітіркенуін тудырады | | |
| *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді | | | | |

| РЕСПИРАТОРЛЫҚ АЛЛЕРГЕНДЕР* | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | – | – | – | – |
| <br>Қауіпті<br>Дем тартқан кезде аллергиялық реакцияларды немесе астмалық белгілержі немесе тыныс алу проблемаларын тудыруы мүмкін | | | | |
| *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді | | | | |

| ТЕРІ АЛЛЕРГЕНДЕРІ* | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | – | – | – | – |
| <br>Қауіпті<br>Терінің аллергиялық реакциясын тудыруы мүмкін | | | | |
| *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді | | | | |

| ТЕРІ ТҮЙНЕКТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІН ТУДЫРА АЛАТЫН ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санатА | 1-санатВ | 2-санат | – | – |
| <br>Қауіпті<br>**Генетикалық ауытқуларды тудыруы мүмкін**<br>*(егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын көрсетіңіз)* | <br>Қауіпті<br>**Генетикалық ауытқуларды тудыруы мүмкін**<br>*(егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын көрсетіңіз)* | <br>Байқа<br>**Генетикалық ауытқулар туындау мүмкіндігі болжанады**<br>*(егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын көрсетіңіз)* | | |
| *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді | | | | |

| КАНЦЕРОГЕНДІ ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1А-санат | 1В-санат | 2-санат | – | – |
| <br>Қауіпті<br>**Рак ауруларын тудыруы мүмкін**<br>*(егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын көрсетіңіз)* | <br>Қауіпті<br>**Рак ауруларын тудыруы мүмкін**<br>*(егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын көрсетіңіз)* | <br>Байқа<br>**Осы зат рак ауруларын тудыруы мүмкін деп болжанады**<br>*(егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын корсетіңіз)* | | |
| *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді | | | | |

| **ӨСІМПАЗДЫҚ ОРГНАДАР ҮШІН УЫТТЫЛЫҚҚА ИЕ ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1А-санат** | **1В-санат** | **2-санат** | **Сүт шығуға немесе сүт арқылы әсер ететін заттарға арналған қосымша санат** | – |
| <br>**Қауіпті**<br><br>**Бала табу қасиетіне теріс әсер етуі немесе туылмаған балаға зиян келтіруі мүмкін**<br>***(егер белгілі болса, нақты зардаптарды көрсетіңіз) (егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын көрсетіңіз)*** | <br>**Қауіпті**<br><br>**Бала табу қасиетіне теріс әсер етуі немесе туылмаған балаға зиян келтіруі мүмкін**<br>***(егер белгілі болса, нақты зардаптарды көрсетіңіз) (егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын көрсетіңіз)*** | <br>**Байқа**<br><br>**Бала табу қасиетіне теріс әсер етуі немесе туылмаған балаға зиян келтіруі мүмкін деп болжанады**<br>***(егер белгілі болса, нақты зардаптарды көрсетіңіз) (егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын көрсетіңіз)*** | **Емізілетін сәбилерге зиян тигізуі мүмкін** | |
| ***Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді** | | | | |

## ОРГАНДАРҒА ЗАҚЫМДАУШЫ ТӘНДІК ӘСЕР ЕТЕТІН УЫТТЫ ЗАТТАР (БІР РЕТ ӘСЕР ЕТКЕН ЖАҒДАЙДА)

| 1-санат | 2-санат | – | – | – |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| <br>**Қауіпті**<br>**Зақым тудырады** *(барлық зақымдалатын органдарды көретіңіз немесе басқа оргнадар зақымдалмайды деген бұлтартпас растаулар жағдайында жалпы сілтемені пайдаланыңыз)* **немесе** *(егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын көрсетіңіз)* | <br>**Байқа**<br>**Зақым тудыруы мүмкін** *(укажите все поражаемые органы или используйте общее указание в тех случаях, когда нет неопровержимых свидетельств того, что другие органы не поражаются)* **немесе** *(егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын көрсетіңіз)* | | | |
| *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді | | | | |

| ОРГАНДАРҒА ЗАҚЫМДАУШЫ ТӘНДІК ӘСЕР ЕТЕТІН УЫТТЫ ЗАТТАР (БІРНЕШЕ РЕТ ӘСЕР ЕТКЕН ЖАҒДАЙДА) | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1-санат** | **2-санат** | – | – | – |
| <br>**Қауіпті**<br>**Ұзақ немесе бірнеше рет әсер еткен жағдайда зақымдануды тудырады** *(барлық зақымдалатын органдарды көретіңіз немесе басқа оргнадар зақымдалмайды деген бұлтартпас растаулар жағдайында жалпы сілтемені пайдаланыңыз)* **немесе** *(егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын көрсетіңіз)* | <br>**Байқа**<br>**Ұзақ немесе бірнеше рет әсер еткен жағдайда зақымдануды тудыруы мүмкін** *(барлық зақымдалатын органдарды көретіңіз немесе басқа оргнадар зақымдалмайды деген бұлтартпас растаулар жағдайында жалпы сілтемені пайдаланыңыз)* **немесе** *(егер әсер етудің басқа жолдарында осы қауіпсіздікті тудырмайтыны дәлелденген болса, әсер ету жолдарын көрсетіңіз)* | | | |
| *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсыныстарының типтік ережелеріне* сәйкес талап етілмейді | | | | |

| СУ ОРТАСЫ ҮШІН (ҚАТТЫ) УЫТТЫЛЫҚҚА ИЕ ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-санат | 2-санат | 3-санат | – | *Ескертпе* |
| <br>Байқа<br>Су флорасы мен фаунасына өте уытты | Белгісі жоқ<br>Белгілік сөзі жоқ<br>Су флорасы мен фаунасына уытты | Белгісі жоқ<br>Белгілік сөзі жоқ<br>Су флорасы мен фаунасына зиянды | | Қазіргі уақытта егер осы зат *БҰҰ типтік ережелерінің* қағидаттарымен қамтылатын кез келген өзге қауіптіліктерді тудырса, *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсынымдарының типтік ережелерінің* қағидаттарымен қамтылмайды. Өзге қауіптер болмаған жағдайда БҰҰ типтік ережелерімен қарастырылған 9-сыныпқа арналған таңбалау қолданылады. Қазіргі уақтытта БҰҰ типтік ережелер қағидалары қайта қарастырылып жатыр. |

| **СУ ОРТАСЫ ҮШІН (СОЗЫЛМАЛЫ) УЫТТЫЛЫҚҚА ИЕ ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1-санат** | **2-санат** | **3-санат** | **4-санат** | *Ескертпе* |
| <br>**Байқа**<br>**Ұзақ мерзімді зардаптармен су флорасы мен фаунасы үшін өте уытты** | <br>**Белгілік сөзі жоқ**<br>**Ұзақ мерзімді зардаптармен су флорасы мен фаунасы үшін өте уытты** | **Белгісі жоқ**<br>**Белгілік сөзі жоқ**<br>**Ұзақ мерзімді зардаптармен су флорасы мен фаунасы үшін өте зиянды** | **Белгісі жоқ**<br>**Белгілік сөзі жоқ**<br>**Су флорасы мен фаунасы үшін ұзақ мерзім бойы зиянды әсер етуі мүмкін** | **Қазіргі уақытта егер осы зат *БҰҰ типтік ережелерінің* қағидаттарымен қамтылатын кез келген өзге қауіптіліктерді тудырса, *Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсынымдарының типтік ережелерінің* қағидаттарымен қамтылмайды. Өзге қауіптер болмаған жағдайда БҰҰ типтік ережелерімен қарастырылған 9-сыныпқа арналған таңбалау қолданылады. Қазіргі уақытта БҰҰ типтік ережелер қағидалары қайта қарастырылып жатыр.** |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК